ИП. Ермишева А.Б.

130400 Мангистауская область,
Мангистауской район, пос. Шетпе,
Жана Орпа 127.
ИИН: 860925400846
ИИК: KZ1192614015CA052004
БИК: KZKOKZKX
КБе: 19

130400 Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы, село Шетпе,
Жаңа Орпа 127.
ЖСН: 860925400846
ИИК: KZ1192614015CA052004
БИК: KZKOKZKX
КБе: 19

Исх №3 от 20.04.2018г.

Қазақстан
РеспубликасыҚаржы
министрлігі Ішкі мемлекеттік
аудит комитетінің Маңғыстау
обылысы бойынша Ішкі
мемлекеттік аудит
департаментібасшысы
С.Қасымовқа

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында (әрі қарай - ШЖҚ МКК)2018 жылы наурыз айының 19-ы мен сәуір айының 3-і аралығында «Қауіпті қалдықтарды/мүлікті/материалдарды жою бойынша қызметтер (көму/жағу/жою және ұқсас қызметтер)» лот №2408479-ОК2 ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілді.

Аталған мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алуды реттейтін Заңнама талаптарын өрескел бұзушылықтармен жүргізілді.

Осы мемлекеттік сатып алу кезінде бұзылған заң бұзушылықтар:

Біріншіден.Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 21- бабының, 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді делінген.

Бұған қоса Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 4-параграфы, 82-тармағында ұйымдастырушы не бірыңғай ұйымдастырушы конкурс жүргізудің шарттары мен тәртібін анықтау үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманы қалыптастырады делінген.

Бірақ осы мемлекеттік сатып алуды жүргізу веб-порталындағы конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелік тек қана орыс тілінде жазылған.

Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының талаптарын орындамаушылық болып табылады.

Қорытындылар туралы хаттаманың мемлекеттік тілде толтырылуы тиіс кестесіндеде Конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына олардың сәйкес келмеуін орыс тілінде толтырған.

Екіншіден.Қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігін орыс тілінде түсініксіз жазылған.

1. «Договор безвозмездного пользования автомобилем без печать **недействительной**».

Жауап. Автокөлік құралының иесі жеке тұлға болғандықтан өтеусіз жалға пайдалану туралы келісім шартта Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілгендей мөр басу талап етілмейді.

2. «Договор аренды (имущественного найма) нежилого помещения без печать недействительной»;

Жауап.Тұрғын емес үй-жай, яғни медициналық қалдықтарды жою орталығы иесі жеке тұлға болғандықтан, өтеусіз жалға пайдалану туралы келісім шартта Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілгендей мөрбасу талап етілмейді.

3. (Инсинератор для сжигания биологических, промышленных, бытовых и медицинских отходов) Паспорт документа. Отсутствует: "Экспертное заключение" утвержденный документы "Печь для утилизации медицинских отходов".

Жауап. Ескерту түсініксіз. Медициналық қалдықтарды жоятын муфельді пеш құжаттары ұсынылды. «Экспертное заключение» деген бірінші алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілмеген. Сонымен қатар эксперттік қорытынды зауыттан муфельді пеш шығару кезінде пешке техникалық төлқұжат шуғару үшін берілетін құжат болып табылады. Бұл құжатты сұрату Қазақстан Республикасы заңнамаларына қарама қайшы келеді. Бұл дегеніміз мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құрылғыны шығаратын зауыттың қызметін тексеру болып табылады. Техникалық төлқұжат кез келген техникалық құрылғының қауіпсіздін растайтын құжат болып табылады.

4. «Разрешение на эмиссии в окружающую среду для объектов. Производственного объекта не совпадает. Отсутствует: Разрешение на эмиссии, производственного объекта "Уничтожения медицинских отходов" обязательно должен быть в этот услуги».

Жауап. Маңғыстау облысының әкімдігі Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасымен I, II және III санаттағы объектілеріне қоршаған ортаға эмиссияларғанөмірі: KZ91VDD00090211 рұқсат берілген.

Осы құжатта өндірістік объектінің атауы деген жерінде Медициналық қалдықтарды жоюға арналған құрылғы (инсинератор) деп көрсетілген.

Осы көрсетілген атауды конкурстық комиссия қате деп есептеген. Бұл дегеніміз мемлекеттік орган берілген құжатты заңсыз деп тану болып табылады.

Сонымен қатар бұл дегеніміз өндірістік базаның атауы ғана. Атауына қарап дұрыс емес тану конкурстық комиссия тарапынан жіберілген өрескел заң бұзушылық.

Бұған қоса инсинератор деген ұғым медициналық қалдықтарды жоятын муфельді пеш дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №176 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 67-тармағындада «Б» сыныбындағы медициналық қалдықтар арнайы қондырғыларда: газбен тазалағыштары бар жағу қондырғыларында **(инсинераторларда)** немесе залалсыздандыру қондырғыларында (автоклавтарда) залалсыздандырылады делінген.

Сондықтан бұл заң талаптарында көрсетілген атауды дұрыс емес табу заң талаптарын өрескелбұзушылық болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №237 «Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралыбұйрығының 48-тармағының 8-тармақшасына сәйкес 120 кг/сағатына дейін медициналық қалдықтарды өртеу объектілеріIII сыныпқа, яғни санитариялық қорғаныш аймағы 300 метрден кем емес болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 40-бабы 1-тармағына сәйкес II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады делінген.

Осы Кодекстің 27-бабының 2-тармағында ластаушы заттардың жол берілетін шекті шығарындылары мен төгінділерінің белгіленген нормативтерінің қолданылу мерзімі, өндіріс және тұтыну қалдықтарын нормативтік орналастыру мерзімі I, II және III санаттардағы объектілер үшін күнтізбелік он жылды құрайды, IV санаттағы объектілер үшін – мерзімсіз делінген.

Алайда жеке кәсіпкер Имангалиева Б.Т. берілген қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатIVсанаттағы объектілеріне бірелетін рұқсат ретінде

берілген. Осыған байланысты бұл санаттағы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың қолданылу мерзімі шексіз болып көрсетілген.

Сондықтан бұл рұқсат жоғары аталған заң талаптарына сәйкес келмейді, яғни жеке кәсіпкер Имангалиева Б.Т. берілген қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат заңсыз болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2017 жылғы 17 қарашадағы №836 «Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнім мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағы 29 тармақшасына сәйкес сағатына 120 килограммға дейін медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, шығару, сұрыптау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) объектілері эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объектілер қатарына жатады.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкесэпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды береді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына3-қосымшасының 30-тармағына сәйкес Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарлама жіберуді талап етіледі.

Осыған байланысты конкурстық комиссия осы жоғарыда аталған заңнамалар талаптарына сәйкес конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық өзіндік ерекшеліккеЭпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарлама сұратуы тиіс болатын.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындау үшін сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы.

Бұл Заң талабында көрсетілген заңды мүмкіндіктерді қолданылмауы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қолдауға немқұрайлы қарайтындығын көрсетеді.

Себебі медицина саласында қызмет көрсететін мамандар мемлекеттік сатып алу немесе медициналық қалдықтарды жою саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша сарапшы болып табылмайды.

Осы жоғарыда баяндалған заң талаптарын бұзушылықтарға байланысты мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға Заң талаптары шеңберінде шара қолдануыңызды және аталған ашық конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алуды заңсыз деп тануыңызды сұраймын.

Жеке кәсіпкер **Ермишева А.Б.**